

Павлодар қаласы №2 жалпы орта білім беру мектебі

№5 (басылым 2016 жылдың 24 қазанынан бастап шығады)

«Болмасаң да ұқсап бақ...»
(Абай)

КӨЗАЙЫМ

ҰЛЫС КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН, ҚАДІРЛІ ЖАМАҒАТ!



Мектеп газетінің назарында:

Жағымды жаңалықтар легі...
Сүйінші!!! Жүлделер құтты болсын!
Оқыту үрдісіндегі жаңа көзқарастар
Сынып сағаттары өтті.
Аналар күні тойланды
Құшағы құтты, өз Наурыз!

Мерекелік іс-шаралар.
Мектептегі Наурыз мейрамы!
«Көзайым» қоржынынан...
Құстар біздің досымыз.
Туған күндеріңізбен, қадірлі ұстаздар!



Сүйінші!!!

ЖҮЛДЕЛЕР ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

- №2 жалпы орта білім беру мектебінің бастауыш сынып оқушылары қалалықғылыми жобалар байқауына қатысып, жүлделі орындарға ие болды.

- 2 «б» сынып оқушысы Марден Алинұр (сынып жетекшісі: Ж.Д.Арынжанова) және 3 «б» сынып оқушысы Базарбек Бекарыс (сынып жетекшісі: Ж.А.Жетыбаева) I орынға лайық деп танылды. Ал, II орынға 3 «б» сынып оқушысы Қасен Малика (А.У.Естаева), III орынға 4 «б» сынып оқушысы Айтбаева Айгерім (сынып жетекшісі: Б.Ю.Сағындықова) ие болды.



- 7 «а» сынып оқушысы Ахметова Камила (сынып жетекшісі: М.М.Шампатов) информатика пәні бойынша облыстық олимпиадаға қатысып, III жүлделі орынмен марапатталды.

Әкімшілік.

ОҚУ ҮРДСІНДЕГІ ЖАҢА КӨЗҚАРАСТАР

Тәуелсізелді өркениетті әлемге танытатын, дамыған елдер қатарында терезесін тең ететін күш – білім және білімді ұрпақ. Бүгінгі таңда білім берудің әдіс-тәсілдерін инновациялық үрдістер мен алмастыру арқылы жалпы білім сапасын арттыру көзделген. Осы орайда №2 орта мектепте «Оқытудағы жаңа көзқарастар» тақырыбында семинар-практикум өтіп, оған қалалық білім беру бөлімінің әдіскері Шолпан Шаханқызы қатысты.



Мұғалімдерге психологиялық ахуал жасау үшін психолог А.Қ. Тоқжігітова психологиялық тренинг өткізді. Қатысушылардың позитивтік көңіл-күйін көтеру, жүйке-жүйесін демалдыру, бір-біріне деген құндылық, сергектік, адамгершілік қатынасын қалыптастыру және ұжымды біріктіру мақсатында сәтті өтті. Әріптестерімізді педагогикалық тәжірибесін жетілдіру бағытында

инновациялық идеялармен таныстыру, шығармашылық қабілетін ұштау, жаңа формациядағы бағалау түрлерін тәжірибеге енгізуге ықпалдасу жөнінде ашық сабақтар көрсетілді.

2 «Ә» сынып мұғалімі М.Ш. Қазанғапова әдебиеттік оқудан «Наурыз көже» және 4 «Б» сынып мұғалімі Б. Ю. Сағындықова «Қанат туралы хикая», 1 «Ә» сыныбында М.Х. Бұшымбаева сауат ашудан «Ұлттық ойындар» тақырыптары бойынша өз тәжірибелерін ортаға салды. Сабаққа талдау жасау, пікір алмастыру, өз ойын ортаға салу арқылы шығармашылық топтың жетекшісі Ж.Д. Арынжанова «Критериалдыбағалау» семинар – коучингісін өткізді. Семинар–практикумның мақсаты –оқушыларды айқындалған критерийлерге сәйкес өз жұмысының сапасы туралы қорытынды жасай білуге қолжеткізуін үйрету. Өзін – өзі бағалау және өзара бағалау үдерістерінің дамуына ықпал ету басты мәселе болды. Оқу үдерісінде критериалды бағалауды



қолдану жолдары мен түрлерін түсіндіріп, әріптестермен тәжірибе бөлісу мақсатында ұйымдастырылған семинар жоғары



деңгейде өтіп, әр ұстаздың көңілінен шықты және әр ұстаз өз тәжірибелерінде сенімді пайдалана алады деген ойдамыз.

**Айгүл ТОҚЖІГІТОВА,
№2 ЖОББ мектебінің
бастауыш сынып мұғалімі.**

Мерекелік шаралар

АНАЛАР КҮНІ ТОЙЛАНДЫ

8 Наурыз Халықаралық әйелдер мерекесі қарсаңында жоспар бойынша 6 наурыз күні сынып сағаттар өтті. Мерекеге байланысты қабырға газеттері шығарылып, 3-сыныптарда «Ана-бақыт, ана-күн» атты мерекелік кеш өтті. Сондай-ақ, мәжіліс залында 2-сыныптардың қатысуымен «Қамқоршым, анашым» атты мерекелік концерт мәресіне жетті.

Аталмыш мерекеге орай, 7 наурыз күні мектебімізде «Өзін-өзі басқару күні» ұйымдастырылды. 9-11 сынып оқушылары өздерін мұғалім ретінде сынап көру мақсатында, таңдаулары бойынша, кестесіне сай сабақтар берді. Олар мұғалімдер көмегімен сабақ жоспарларын құрып, көрнекіліктер әзірледі. Оқушылар сабақ беруге тыңғылықты дайындалды. Сабақтардың берілуін мектеп директоры міндетін атқарған оқушы Безкей Темірлан, директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасарлары міндетін атқарған оқушылар: Кабулова Әлия, Төлегенқызы Дания, Пансатбекова Сания, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары міндетін атқарғандар: Қабдыров Саят, Мұсаев Нұржан өз рөлдерін керемет орындап шықты.

Оқушыларға өздерін мұғалім ретінде сынағаны өте ұнағанын айтты. Мерекелік іс-шараны өткізудің басты мақсаты - Сабақ соңында мектеп оқушыларының жиыны болды. Ол жиында мектеп директоры Безкей Темірлан мектебіміздің жүрегі болып табылатын мектептің

оқушылардың өзін-өзі басқару қабілеттерін арттыру, жауапкершілікке,



берілген тапсырманы нақ, дәл, өз уақытында орындауға үйрету. Жоғарыда аталып өткен сынып оқушылары бір күн болса да жауапкершілік сезімдерін арқалап, әрқайсысы өздерінің таңдаған пәндерінің иесі ретінде алдын ала пән мұғалімдерімен кездесіп, сабаққа қатысты талаптарды толық орындауға тырысты.

мұғалімдерін «Халықаралық әйелдер мерекесімен» құттықтады, мадақтамалар берді. Оқушылардың сауалнамасы негізінде «Ең үздік мұғалім» ретінде 11

«А» сынып оқушысы Пансатбекова Сания марапатталды. Жиын соңы мұғалімдерге арналған концертке ұласты.

7 наурыз күні мерекелік шаралар «Арулар – асыл жандар» атты мерекелік концертіне ұласты. Концерт Байтенова Диляра, Мүбәракова Еркежан, Өмірбек Толқынның орындауындағы «Мерекесі» әнімен басталды. Әрі қарай мектебіміздің биші қыздарының мың бұралған биіне ұласты. Мектеп директоры Н.Б.Асылбекова

мұғалімдерді айтулы күнмен құттықтап, алғыс хаттар табыс етті. Мектебіміздің түлегі Топанов Аңсат пен өнерлі ұлымыз Өсербай Серікжан мұғалімдерді «папурримен», Қаратай Диасты «Ана мерекесі» әнімен құттықтап, концерттің соңы мектептің вокалдық тобының әнімен аяқталды. Кәсіподақ комитеті нәзік жандарға сыйлықтар таратты. Концерт өте қызықты өтті.

• **Сынып сағаттары**

- Наурыздың 17-і туберкулез айлығына арналған сынып сағаттар өтті. Онда дұрыс тамақтану, салауатты өмір салтын ұстану жайында кеңестер беріліп, сақтану шаралары таныстырылды.
- Наурыздың 16-сы мен 17-сі күндері мектепішілік ата-аналар жиналысы өткізілді. Жиналыс барысында олар көктемгі демалыс жоспарымен, қауіпсіздік ережелерімен таныстырылды. Полиция капитаны ІД ГЮП ОАП инспекторы Ерлан Қалқамбеков «Құқық бұзушылық мәселесі» бойынша баяндама оқыды.
- Келесі ақпарат алдағы 2017-2018 оқу жылына оқушыларды бірыңғай мектеп формасымен қамтамасыз ету туралы болды. Еліміздегі бірқатар тігін фабрикаларынан мамандар келіп, өз үлгілерін ұсынды.
- Соңғы қарастырылған мәселе оқушылардың мектепте қымбат смартфондарды қолдануына тыйым салынғандығы айтылып, орындалмаған жағдайда шаралар қолданылатыны туралы ескертілді.
- Наурыздың 10-ы күні барлық сыныптарда Азаматтық қорғаныстың 85 Жылдығына арналған сынып сағаттары өтті.
- Наурыздың 13-і мен 18-і аралығында Наурыз мерекесіне арналған іс-шаралар жалғасын тапты. Қабырға газеттері шығарылып, суреттер сайысы өтті. Параллель сыныптар арасында әртүрлі сайыстар өткізілді. 17 наурыз күні 2-сыныптар Наурыз мерекесіне арналған Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрінен көріністер қойды. Олар наурыз мерекесі туралы білгендерімен бөлісіп, ән айтып, би биледі. «Асық», «арқан тартысу», «теңге ату» тәрізді ұлттық ойындарды ойнады. «Самалық», «көрісу», «тұсау кесу», «сүйінші сұрау» және т.б. салт-ғұрыптар тамашаланды. Сонымен қатар, ұлттық тағамдардан көрме ұйымдастырып, олардың әрқайсысының қалай дайындалатынын түсіндірді. Соңынан тілектер айтылып, баталар беріліп, жақсылық, молшылыққа бағышталып, шашу шашылды. Өткізілген барлық іс-шаралар барысында барлық сынып жетекшілері үлкен жауапкершілік танытты.
- 20 наурыз күні Наурыз мерекесіне арналған сынып сағаттар өтті.
- 18 наурыз күні 2-сыныптар арасында Наурыз мерекесіне арналған «Көңілді сөре» атты жарыс өтті. Жарыс дене шынықтыру мұғалімі Е.Е. Ғаббасовтың ұйымдастыруымен жүзеге асты. Бұл жолы 2 «Б» сыныбы 1-орын, 2 «А» сыныбы 2-орын, 2 «Ә» сыныбы 3-орындарға ие болды. Ал, 2 «В» сыныбы сайыста белсенділік көрсеткені үшін марапатталды.



**Гүлжан ЖАМЕНКЕНОВА,
ДТЖЖО.**

ҚҰШАҒЫ ҚҰТТЫ, ӘЗ-НАУРЫЗ!

Құттықтаймын!



- Қазақстан халқы үшін Наурыз

мейрамы – көктем мен жаңаруды айшықтайтын мерейі үстем, көктемгі жаңарудың, сыйластық пен татулықтың мерекесі. Ол - өткенді саралап, болашағымызды болжайтын ерекше кезең.

- Қадірлі ұстаздар, ата-аналар, оқушылар! Сіздерді Ұлыстың Ұлы күнімен құттықтаймын! Отанымызға – береке, халқымызға – игілік, мемлекетімізге – молшылық, ал әр шаңыраққа бақыт пен шаттық тілеймін!

Надежда АСЫЛБЕКОВА,
мектеп директоры.

Наурыз - қыстың көбесі сөгіліп, тіршілік атаулыға жан бітіп, жасарып, жаңаратын, табиғат-әлемнің нағыз көгеріп, көктейтін шағы.

Қыстың қыспағынан құтылған шаруалар арқа-бас кенейіп, мейрам-шаттыққа кенелетін шығыстың осынау жайдарман жаңа жылын жыл сайын ерекше қуанышпен қарсы алады. Наурыздың өзіне тән салтымен әркім өз өкпесін ұмытып, татуласады. Үлкендердің ақ батасын алып, бір-біріне ізгі тілектерін айтады.

ӘЗ-НАУРЫЗДЫҢ ТҮП ТАРИХЫ

Наурыз, март парсыша «нау» (жаңа) және «руз» (күн) – Жаңа жылдың бірінші күні деген мағынаға ие. Ол күнтізбелік жылдың үшінші айы (31 тәулік), көктемнің басы. Ескі наным бойынша, наурыздың алғашқы үш күнінде жер-көкті жарып ерекше дыбыс (гуіл) естіледі, делінген. Мұны тек қана жұмақтан шыққан қой мен оны бағып жүрген қойшы ғана естиді-мыс. Оның мәнісі мынау: 21-нен 22-не қараған наурыз күні күн мен түн теңеледі. Қазақтар бұл күнді Әз-Наурыз мейрамы деп атаған. Осыған орай халқымыз «Әз болмай, мәз болмайды» деген тәсіл



қалдырған. Бұл үш күнде тырнақ пен шаш алуға рұқсат етілмеген. Әз өткеннен кейін, Жер әлемдегі өсімдік әлемінен бастап, барлық тіршілік атаулының бәріне ерекше мейірім мен жан біткен.

АЛҒАШ ТОЙЛАНУЫ

Наурызды тойлау тарихы Ұлы Абай өзінің: «Біраз сөзі қазақтың қайдан шыққаны туралы» жазбасында Наурыз тарихын көшпелі халықтардың «хибиғи», «хұзағи» деп аталатын көне заманымен ұштастырады. Парсының «нау» сөзі әртүрлі өзгерістерге ұшырағанымен, сол мағынада көп халықтың

тілінде сақталып қалған. Ол орысша нов (ай), немісше нойе, латынша нео. Осылайша «нау» сөзі индо-еуропалық халықтар дараланудан да бұрын пайдаланылған. Ал, одан бергі мерзім ғана 5 мың жылдан асады. Қазақтың көне шежіресінде де Наурыз, Алаш деген сөздер бар.

НАУРЫЗ БАТА

Бастарыңа бақ берсін,
Не берсе де нақ берсін!

Қырда жүрген Қызырды,
Үйлеріңе ап келсін!

Қарындарың тоқ болсын,
Қайғыларың жоқ болсын!
Шүпірлеген үйінде,
Балаларың көп болсын!
Бата бердім, бақ тіледім,
Ақ дастархан басына.
Я, құдайым, шын тіледім,
Келсін деп менің қасыма!
Көңілің көлдей болып,

Көргенің түстей болып,
Қыдыр қонсын басыңа!
Ақ мол болсын елімде,
Батамды Аллама жебесін.
Бауырымыз бүтін болсын,
Отбасыңа ырыс қонсын,
Ізбасарың соңыннан ерсін,
Отаныма тыныштық берсін!
Әумин!

КӨНЕ ДӘСТҮР ШЕЖІРЕСІ



Наурыздың 14-і күні қазақ халқы бір-бірімен көрісе бастайды. Жасы кішілер үлкендердің үйін аралап, қол алысып, төс қағысып, амандасып көріседі. Бұл - халық дәстүрінде тоғыз күн тойланатын наурызнаманың белгісі. Әйткенмен еліміздің басым өңірлерінде санадан сызылып кеткен бұл салт тек батыс аймақта ғана сақталып қалған. Оның өзінде Батыс Қазақстан, Атырау, Маңғыстау облыстары мен Ақтөбе аймағының Байғанин, Темір аудандарында, сондай-ақ Астрахань,

Самара, Волгоград және Түрікменстан қазақтарында ғана қолданысқа ие. Көрісу - ынтымақ-бірлікке бастайтын жақсы дәстүр. Жыл сайын 14 наурызда батыстықтар «Бір жасыңмен!» десіп, көрісіп жатады. Бұл күннен бастап олардың үйлерінің есігі құлыпталмайды. Қайта жасы кішілер үлкендердің үйін жағалап, сәлем беріп қалуға тырысады. Әйтпесе көріспеген адамымен жол-жөнекей кездесіп қалатын болса, бұл әбестік, үлкенді сыйламау болып есептеледі. Дегенмен төс түйістіріп көріспейтін жандар да бар. Мәселен, келіндер қайын ата, аға, апа-жезделерімен көріспейді, тек қана тізе бүгіп, сәлем жасайды. Халық дәстүрінде наурыз мерекесі тоғыз күн тойланған. Бұл той - наурызнама аталады. Көрісу салты 14 наурыздан басталып, тоғыз күн бойы жалғасып жататын болса, дана халқымыз әр күннің жеке ырымын белгілеген, әр күніне лайық ойын-сауық ұйымдастырып, дастарқан жаяды.

НАУРЫЗ КӨЖЕ

Әлбетте, наурыз мерекесінің басты сәні - тоғыз дәмнен құралатын Наурыз көже. Әр шаңырақ өзінше Наурыз көже пісіріп, ақ толы аяғын босағадан аттағанның бәріне ұсынған. Ауыл ақсақалдары үй-үйден дәм татып, үйдегілерге ыдыспен сыбаға тасып жүрген. Бұл - «Дәм-тұзымыз араласқан тату болайық» дегеннің белгісі. Ұлыс күні - татулық тойы, шаруа, ынтымақ, сенім, көңіл мерекесі. Қыс қылышынан аман қалған жұрт, бар реніш-өкпесін ұмытып, кінәсін кешіп, тек жақсы тілектер тілейді. Көңілдің жаңаруы деген - осы. Бұл күні Наурыз көжемен қатар, ауыл адамдары өгіз сойып, қазан көтеретін болған. Мұның тарихы өз алдына қызық аңыз. Ежелгі жыл

санаушылардың есебінше, үркер күздің басында шығыстан, қыстың басында төбеден, көктем кезінде аспан етегінен көрініп, ал жазда тіпті батып кетеді екен. Бұл шақ қырық күнге созылып, оны халқымыз «қырық күн шілде» немесе «үркердің жерге түсуі» деп атаған. Көктем кезінде, яғни наурызда күн жолы үркердің үстімен өтіп, үркердің қос жұлдызы бұқаның мүйіздері құсап күн жолының екі жағынан қылтиып көрінеді. Бұған орай халқымыздың «әлемді көкөгіз мүйізімен көтеріп тұр» деген наным да бар. Өгіз етін арнайы нарқазанда балбыратып пісіреді. Нарқазанның тарихы да жақсы ырымдармен астасып жатыр. Ежелгі сақ дәуірінде халық

арасын алауыздық жайлап, ел татулығын тұман басқанда көсемдер келісіп, үлкен қазан құюға шешім шығарады. Алайда қазан соғарлық мыс табылмай қалады да, бүкіл



сарбаз жебелерінің мыс масағын жинатып, содан нарқазан құйдырады. Осы қазанда қайнатылған астан дәм алысқан араздасушылар өкпе-назын ұмытып, елде татулық орнапты делінеді аңыздарда. Осындай тайқазан, нарқазандардан қалың қауымға дәм татқызу кейін үрдіске айналып, ол «шүлен тарату» аталып кеткен. Өгіздің шекесі ауыл ақсақалдарына тартылады. Бұл сыбағаның аты - «бел көтерер». Ертедегі дәстүр бойынша наурызнама тоғыз күн тойланатын болса, соның сегізінші күні «той-тарқар» болады. Мұнда өнерін ортаға салып, оза шапқан дарабоздарға, қарсыласының жауырынын жерге тигізген балуандарға, тіпті тайы озып келген жас балаға да «ат тері» деп сыйлық берген. «Тойтарқарда» жаңа көзі ашылған қайнардың суына қант қосып, оны қауым болып ішіседі. Көзіқарақтылар «салдама» аталатын кітапты оқытып, ақсақалдар бата береді. Тақырыпқа өзек болған көрісу салтына келер болсақ, көпшілік арасында кереғар түсінік те бар. Ескі салт бойынша ұзатылған қыздар жыл толмай жұртына баруына болмайды. Бұл «қыз жаңа қауымға алаңсыз үйренсін» деген мақсаттағы дәстүр. Келін елін, бауырларын сағынып жүрген осындай кездерде оның аға-інісі іздеп келеді, сол кезде қыз оларға өлең, жырымен көрісіп, жылап, өзінің сағынышын, өкпе-назын, қуанышын білдіреді. Бұл - қыздың көрісуі деп аталады. Бұдан өзге бауырларын көптен көрмеген, сыртта жүрген әйелдер де туыс-туғанын көргенде, көрісіп жылап, мұңын шағады. Бұл да көрісу. Туыс-туғандары, ет жақындары қайтпас сапар

шеккенде артта қалған ағайын, көрісіп жылайды. Бірақ бұлардың ешқайсысын да наурыз көрісуімен шатастыруға болмайды...

Наурызға қатысты айтар тағы бір наз бар. Жалпы, бас-аяғы тоғыз күнге созылатын наурызнама тойында атқарылатын шаралардың өз жол-жоралғылары болған. Бүгінде оның бірі есте болса, бірі мүлде ұмыт қалды. Десек те, осы тойда көзге оғаш көрініп қалатын жайтты тілге тиек етпеске тағы болмайды. Көптің, әсіресе, жастардың біріне-бірі ұлыстың ұлы күнінде «Жаңа жылыңмен!» деп құттықтап жататыны бар. Ал қазақ халқы ешқашан бұлай демеген. Бұлайша құттықтау бізге орыстардан «жұққан». Олардың «С новым годом!» тіркесін тікелей тәржімалап алғанбыз. Негізі дана халқымыз құттықтауды да батамен жеткізген. Ал бата әдетте өлеңдетіп айтылады. «Жыл құтты болсын!», «Ұлыс оң болсын!», «Ақ мол болсын!» деген әдемі тіркестер жалғасып жатады. Сондай-ақ «наурыз» атауының шығу тарихында да әлі түйіні тарқатылмаған талас бар. Кеңестік ғалымдар парсының «ноу» - «жаңа», «ырыз» - «күн» сөздерінен туындап, «жаңа күн» деген ұғымды беретінін белгілесе де, тәуелсіздік алғалы бері төл ғалымдарымыз наурыздың жаңа күн емес, жаңа жылдың бастауы екенін айғақтап, өз болжамдарын айтуда. Наурыз күні көзі ашылған бұлақтың суы сарқылмайды, ал егілген талдың саясы мен жемісі мол болады деп сенген. Жаңа сап түзеген шыбықтарға ақ шашу да - жақсы ырым. Наурыз дерегі ... 14 март - ескіше 1 март. Әкей айтты: «Бүгін ескіше 1 март, қазақша жаңа жыл, ұлыстың ұлы күні. Ал жаңа жылдың бұрынғы аты - Наурыз, бұл фарсы тілі. Жаңа күн деген сөз. Қожамолдалар ескі әдетті қалдырамыз деп, құрбан, ораза айттарын ұлыс күні дегізіп жіберген. Ескі қазақша, ескі түрікше жаңа жыл күнінің аты - ұлыс. Жаңа жыл басының ұлыс екеніне мынадай дәлел бар. «Ұлыс күні қазан толса, ол жылы ақ мол болар. Ұлы кісіден бата алса, сонда олжалы жол болар...»

(Шәкәрімнің ұлы Ахаттың жазбаларынан).



НАУРЫЗ ДӘСТҮРІ



Қасиетті наурыз күні жасалуға тиіс жол-жоралғыларға тіптен ерекше ден қояды. Таң қылаң берісімен арық жолын аршып, шыбық отырғызу - дәстүр төресі. «Бір тал кессең, он тал ек» деген, ата-бабамыз жасыл желектің жайқалып тұрғанын қалаған. Тіпті, жастарға көк шөпті басқызбағанын да білеміз. Дегенмен барлық жерде болмағанымен, наурыз мерекесінде бүгінде де қолданылатын екі жақсы салт бар.

Бірі - селт еткізер болса, екіншісі - ұйқыашар. Бойжеткендер соғымның соңғы етін уызға салып пісіріп, ұнатқан жігіттеріне тартады. Бұл салт қазақта «ұйқыашар» аталады. Ұйқыашардың қарымтасына жігіттер «селт еткізер» рәсімін жасайды. Яғни, қалауынша айна, тарақ, әтір суын сыйлайды. Айна - пәктіктің, жастықтың, тарақ - әдемілік пен сұлулықтың, ал иіссу - «жаңа бүршігін жарған жауқазындай құлпыр» деген белгі. Ертеректе Наурыз күні ауыл адамдарын ұйқысынан тұрғызу үшін қолданылатын мынадай қызық жоралғы болған. Жастар асау тайыншаны құрықтап, оған ерттелген ашамайға зор қуыршақты таңып байлап, ауыл ішіне бос жібереді. Мөңкіп тулаған асау ауылды азан-қазан етсе де, ешкім бұған өкпелемеген...

ҰЛЫЛАР НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ ТУРАЛЫ

Абай:

«Ол күнде Наурыз бір жазғытұрым мейрамы болып, наурызнама қыламыз деп, тамаша қылады екен. Сол күнін «ұлыстың ұлы күні» дейді екен».

Мақтымқұл:

... Жеткен кезде Наурызымыз жапан біткен жаңғырар,
Тұман орап тау басын, аспан үрпі салбырар.
Жансыздарға жан бітіп, әуен билеп маңды бір,
Жер көгеріп, шөп қаулап, мерейін бір қандырар.

Ахмет Байтұрсынов:

«Наурыз – қазақшажыл басы. Біздің Жаңажылымыз – Наурызмарттың ба-сындағы болсын, ортасында болсын, әйтеуір мартта келетін болса, шын мағынамен Жаңа жыл деп айтуға лайық».

Міржақып Дулатов:

«Наурыз қазақтың шын мағынасындағы ұлт мейрамы. Наурызды қазақтан басқа күншығыс жұрттарының көбі мейрам етеді. Бірақ бұлардың бәрін са-лыстырғанда Наурызды біздің қазақтың мейрамы етуі айрықша сыйымды, артықша дәлелді. Неге десеңіз, марттың ескіше 9-ында, жаңаша 22-сінде күн мен түн теңеледі, қыс өтіп, жаз жетіп, шаруа кенеледі».

Мағжан Жұмабаев:

«Қазақ Жаңа жылы – жазғытұрғы күн мен түннің теңелген күні (22 март) болады. Жаңа жылдың ертеңіне жарық, жылы күн қараңғы суық түннен ұза-ра бастайды. Бұл реттен қазақ Жаңа жылы ғылым қойнына да басып кіріп қалады. Қазақ Жаңа жылын «Наурыз» дейді. Наурыз әулиенің, әнбиенің аты болмаса керек. Сондықтан, қазақтың Наурызы – дін мейрамы емес, тұрмыс мейрамы, шаруашылық мейрамды тұрмыспен, ғылым-мен байланыстырып қоғамға пайдалы игі іс жасайтын, ауыл, адамдармен... ұйымдастыратын мейрам ету керек.



МЕКТЕПТЕГІ НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ!



«Көзайым» қоржынынан...

ҚҰСТАР- БІЗДІҢ ДОСЫМЫЗ



1 сәуір- халықаралық құстар күніне байланысты «Құстар- біздің досымыз» атты тәрбие сағаты өтті. Осы тақырыпқа сай безендірулер жасалды. «Құстар әлемінде» қабырға газеті, құстардың тіршілігі туралы баяндайтын кітаптар көрмесі ұйымдастырылды. Тәрбие сағаты топпен жұмыс түрінде берілді. Әр топ берілген тапсырмалар бойынша жұмыс жасады. «Табиғат және адам», «Қанатты достар», «Құстар- әлеміне саяхат» атты альбом жасалды. Оқушылар әр құстардың суретін сала отырып, өздігінен шығарған өлең

Құстар, құстар...



Көктем келді далаға,
Күн жылынды далада.

Алақай- ау, алақай,
Көктем келді далаға.
Қар еріді су ақты,
Жердің бетін су жапты.

Фируза МАҒАМЕТ,

1 «ә» сынып.

Күн жылынды далада,
Мен де шықтым аулаға.
Құстар келді еліне,
Мәз болдым мен еліме.
ГүлденМУБАРАКОВА,
1 «ә» сынып оқушысы.

жолдарын, болжамдар және өздері білетін құстардың тіршілігі туралы мәліметтерін жазды. Әр топ құс ұяларының макетін жасап, оқушылардың қызығушылығын танытты. «Құстар- біздің досымыз»- тақырыбына суреттер бәйгесін ұйымдастыра отырып, «Ерекше суреттер» номинациясы бойынша мына оқушылар аталды. Олар: Қасым Әмірхан, Молдаханов Ержан, Ербулат Рания, Тұрсұнмұратова Жанерке, Темиржанова Айым, Баяхметова Жамила, Мейрамғазы Мирас. Әр түрлі құстардың дауыстарын ажырату және бір- бірінің айырмашылығын байқату мақсатында топқа тапсырма берілді. Оқушылар пікір- таласқа түсіп және біріге жұмыс жасай отырып, бір шешімге келді. Бұл тапсырма оқушыларды қатты қызықтырып, үлкен әсер етті. Тақырыпқа орай «Сен білесің бе?» атты викториналық сұрақтар берілді. Соңынан құстар тіршілігі туралы үзінділер көрсетілді. Тәрбие сағатының соңында оқушылар «Ақ көгершін» әнімен аяқтады.

Әдемі құс үнімен,
Ұшып келді қалама.

ЖАНГАЗИНОВА Аяулым

1 «ә» сынып.

Құстар келді көктемде,
Шикылдайды әр жерде.
Құстарды көріп қуандық,
Ұя жасап қарсы алдық.

Әнел ҚҰРБАН,

1 «ә» сынып

оқушысы.



Майгүл БУШУМБАЕВА,
№2 мектеп, бастауыш сынып мұғалімі.

Туған күндеріңізбен, қадірлі ұстаздар!







Туған күн ерекше күн әрбір жанға,
Жан досымды асықтым мен құттықтауға.
Бар бақытты тіледік әріптестер,
Армандарың орындалсын бұл өмірде.
Денсаулығың мықты боп әрқашанда,
Жүріңіздер жадырап ортамызда.

Өмір өзі жылы сөзін арнасын,
Қайғы-мұңға жүректе орын болмасын.
Жанарларың Күнмен күліп әрқашан,
Ай мен жұлдыз кеудене кеп орнасын!

**Мектеп газеті айына бір рет шығады.
Редакторы: Айгүл МОЛДАШ және «ЖАС ҚАЛАМҒЕРЛЕР» алқасы.**

